

**АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті аумақтық департаменттерінің республикалық меншік объектілерін сату бойынша [www.gosreestr.kz](http://www.gosreestr.kz) Мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында аукцион өткізетіндігін хабарлайды

Республикалық меншік объектілерін сату Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы №920 қаулысымен бекітілген Жекешелендіру объектілерін сату қағидасына сәйкес жүзеге асырылады.

**Аукционның өткізілу күні мен уақыты: 2020 жылғы 5 қарашада Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша сағат 10.00-ден 17.00-ге дейін.**

**Ақтөбе мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті бойынша (Ақтөбе қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 33): Сауда-саттықтың бағаны төмендету әдісімен ең төменгі баға белгіленбей аукционға қойылады:**

Тендерім ұстаушы – «Ақтөбе облыстық Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы» РММ. Тел. 8 (7132) 21-14-37.

1. Казанка 5М4 АКТ-0022 қайығы, 2004 жылы шығарылған. Мекенжайы: Ақтөбе қаласы, 41 жолайрығы, 142 уч. Бастапқы (алғашқы) бағасы – 420 000 теңге. Кепілдік жарнасы – 63 000 теңге.

2. Обь АКТ-0023 дюрал қайығы, 2005 жылы шығарылған. Мекенжайы: Ақтөбе облысы, Бірғыз ауданы, Бірғыз ауылы, Әкімжанов көшесі, 13-үй. Бастапқы (алғашқы) бағасы – 285 000 теңге. Кепілдік жарнасы – 42 750 теңге.

3. Mercury 40 імелі моторы, 2005 жылы шығарылған. Мекенжайы: Ақтөбе қаласы, Қызылжар т.м., 983 уч. Бастапқы (алғашқы) бағасы – 62 885 теңге. Кепілдік жарнасы – 9 433 теңге.

4. Mercury 40 імелі моторы, 2005 жылы шығарылған. Мекенжайы: Ақтөбе облысы, Бірғыз ауданы, Бірғыз ауылы, Әкімжанов көшесі, 13-үй. Бастапқы (алғашқы) бағасы – 327 002 теңге. Кепілдік жарнасы – 49 051 теңге.

5. Ветерок 12 қайық моторы, 2005 жылы шығарылған. Мекенжайы: Ақтөбе қаласы, Қызылжар т.м., 983 уч. Бастапқы (алғашқы) бағасы – 10 581 теңге. Кепілдік жарнасы – 1 588 теңге.

6. Ветерок 12 қайық моторы, 2005 жылы шығарылған. Мекенжайы: Ақтөбе қаласы, Қызылжар т.м., 983 уч. Бастапқы (алғашқы) бағасы – 10 581 теңге. Кепілдік жарнасы – 1 588 теңге.

**Анықтама телефоны: 8 (7132) 54-44-54, 56-70-72.**

**Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті бойынша (Қызылорда қаласы, Д.Қонаев көшесі, 7А) Сауда-саттықтың бағаны төмендету әдісімен аукционға қойылады:**

Тендерім ұстаушы – «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы» РМҚК. Тел: 8(7242) 26-44-93.

1. 2011 жылы шығарылған, мемлекеттік нөмірі 633АО11, ГА3 322132-288 маркалы автокөлігі. Бастапқы (алғашқы) бағасы – 1 638 000 теңге. Ең төменгі бағасы – 819 000 теңге. Кепілдік жарнасы

– 245 700 теңге. Тұрған жері: Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Сәтбаев көшесі, 8.

2. 2013 жылы шығарылған, мемлекеттік нөмірі 647АО11, Ssang Yong Rexton. Бастапқы (алғашқы) бағасы – 6 072 573 теңге. Ең төменгі бағасы – 3 036 287 000 теңге. Кепілдік жарнасы – 910 886 теңге. Тұрған жері: Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Сәтбаев көшесі, 8.

**Анықтама телефоны: 8 (7242) 301164.**

Сауда-саттыққа қатысушыларды тіркеу хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және аукцион басталғанға дейін екі сағат бұрын аяқталады, содан соң қатысушылар берген өтінімдерін кері қайтара алмайды.

Сауда-саттыққа қатысу үшін кепілдік жарналар мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператордың шотына төленеді: кепілдік жарнаны алушы – «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ; БСН:050540004455; ТТК: 171; Кбе:16;

Банк атауы: «Қазақстан Халық Банк» АҚ; ЖСК KZ94601711100000330; БСК: HSBKCKZX.

**Назар аударыңыз!** Қатысушының хабарламада көрсетілген талаптарды сақтамауы, сондай-ақ бірыңғай оператордың арнайы транзиттік шотына сауда-саттықты өткізу туралы хабарламада көрсетілген кепілдік жарнаның сауда-саттық басталғанға дейін екі сағат бұрын түспеуі тізілім веб-порталының өтінімді қабылдаудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

**Аукционға қатысу үшін мыналарды:**

1) жеке тұлғалар үшін: жеке сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – ЖСН), тегін, атын, әкесінің атын (бар болса);

2) заңды тұлғалар үшін: бизнес сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – БСН), толық атауын, бірінші басшының тегін, атын, әкесінің атын (бар болса);

3) кепілдік жарнаны қайтару үшін екінші деңгейдегі банктегі есеп айырысу шотының деректемелерін;

4) байланыс деректерін (почталық мекенжайы, телефоны, факс, e-mail) көрсете отырып, тізілімнің веб-порталында алдын ала тіркелуі қажет.

Жоғарыда көрсетілген деректер өзгерген кезде қатысушы бір жұмыс күні ішінде тізілімнің веб-порталына енгізілген деректерді өзгертеді.

Аукционға қатысушы ретінде тіркелу үшін нысан бойынша қатысушының ЭЦҚ қойылған сауда-саттыққа қатысуға өтінімді тізілімнің веб-порталында тіркеу қажет.

Тізілімнің веб-порталы автоматты тексеру нәтижелері бойынша тізілімнің веб-порталында көрсетілген қатысушының электронды мекенжайына өтінімді қабылдау не өтінімді қабылдаудан бас тарту себептері туралы электрондық хабарлама жібереді.

Аукционға жіберілген қатысушыға тізілімнің веб-порталы беретін аукцион нөмірі бойынша аукцион залына кіруге рұқсат беріледі.

Аукционға қатысушылар аукцион басталғанға дейін бір сағат ішінде ЭЦҚ мен аукцион нөмірін пайдалана отырып, аукцион залына кіреді. Аукцион жекешелендіру объектісінің бастапқы құнын аукцион залында автоматты түрде орналастыру жолымен сауда-саттықты өткізу туралы хабарламада көрсетілген Астана қаласының уақыты бойынша басталады.

Аукционды өткізу кезінде жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасы жекешелендіру объектісінің алғашқы бағасына тең болады.

**Бағаны төмендету әдісін қолдана отырып аукционды өткізу тәртібі:**

1) егер аукцион басталған кезден бастап екі минут ішінде қатысушылардың бірде-бірі аукционда жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растамайтын болса, жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасы Қағидаға сәйкес белгіленген кадамға азаяды;

2) егер баға азайғаннан кейін екі минут ішінде қатысушылардың бірде-біреуі жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растамайтын болса, жекешелендіру объектісінің соңғы жарияланған бағасы белгіленген кадаммен азаяды.

Жарияланған баға бойынша жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін бірінші болып растаған қатысушы бағаны төмендету аукционның жеңімпазы болып танылады және осы жекешелендіру объектісі бойынша аукцион өткізілген болып танылады;

3) егер жекешелендіру объектісінің бағасы белгіленген ең төменгі мөлшерге жетсе және қатысушылардың бірде-бірі жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растамағанда, аукцион өткізілмеген болып танылады.

Әрбір сатылған жекешелендіру объектісі бойынша аукцион нәтижелері сауда-саттық нәтижелері туралы электрондық хаттамамен ресімделеді, оған сатушы және жеңімпаз ЭЦҚ-ны пайдалана отырып, сауда-саттық өткізілген күні тізілімнің веб-порталында қол қояды.

Сауда-саттық нәтижелері туралы хаттама аукцион нәтижелерін және жеңімпаз бен сатушының жекешелендіру объектісін сату бағасы бойынша сатып алу-сату шартына қол қою міндеттемесін белгілейтін құжат болып табылады. Сатып алу-сату шарты электрондық форматта тізілімнің веб-порталында жасалады және сатушы мен сатып алушы ЭЦҚ-ны пайдалана отырып сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап күнтізбелік он күннен аспайтын мерзімде оған қол қояды. Бұл ретте сатушы сатып алушыға сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға қол қойған күннен бастап күнтізбелік бес күннен аспайтын мерзімде қол қоюға сатып алу-сату шартының жобасын ұсынады.

**150000, Петропавл қаласы, Пушкин көшесі, 86, «М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі Петропавл қаласы, Пушкин көшесі, 86 мекенжайы бойынша орналасқан «М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасы-Ректор бос лауазымына конкурс жариялайды.**

Қызметтің негізгі мәні – жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру саласында білім беру қызметтерін ұсыну болып табылады.

Қызметтің мақсаты – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу, білім беру және оқыту үшін, сондай-ақ ғылыми әлеуетті дамыту және әзірлемелерді коммерцияландыру үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылады.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:** Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім, білім беру ұйымдарында және (немесе) тиісті салалардағы уәкілетті органдарда басшылық лауазымдарда жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

**Конкурсқа қатысуға алмайды:**

**Конкурсқа қатысуға төмендегі тұлғалар жіберілмейді:**

- 1) жиырма бес жастан кіші;
- 2) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
- 3) өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;
- 4) медициналық арнайы мекемелерде есепте тұрғандар;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.

**Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға мынадай құжаттарды ұсынады:**

- 1) белгіленген нысандағы өтініш;
- 2) конкурсқа қатысушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) белгіленген үлгі бойынша 3x4 үлгідегі түрлі түсті суретпен конкурсқа қатысушының қызметтік тізімі;
- 4) жоғары оқу орнының даму бағдарламасы;
- 5) білім туралы құжаттардың және салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларын ұсына отырып, оларға қосымшалардың көшірмелері;
- 6) жұмыс орны (қолданыстағы не соңғы) бойынша кадр қызметі куәландырылған еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 7) № 086/е нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби кеңес қорытындысы);
- 8) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамаға сәйкес психоневрологиялық ұйымнан берілгеніне құжаттар ұсынылған күнге дейін бір жыл толмаған анықтама;
- 9) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамаға сәйкес наркологиялық ұйымнан берілгеніне құжаттар ұсынылған күнге дейін бір жыл толмаған анықтама;
- 10) қылмыстық заңнамаға сәйкес лауазымға орналасуға тыйым салудың жоқ екенін растайтын құжат.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау хабарландыру жарияланған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде жүргізіледі.

Конкурстың өтетін күні мен орны қосымша хабарланады. Жоғарыда көрсетілген құжаттарды белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментіне ұсыну қажет (645-кабинет), телефон: 8 (7172) 74-27-25, 74-25-22.

**«Павлодар педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі, 140002, Павлодар қаласы, Мир көшесі, 60 мекенжайында орналасқан «Павлодар педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасы-Ректор бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды.**

Қызметтің негізгі мәні - жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру саласындағы білім беру қызметтері.

Қызметтің мақсаты – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ғылым мен практика жетістіктеріне негізделген жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби қалыптастыруға бағытталған, сондай-ақ ғылыми әлеуетті дамытуға және әзірлемелерді коммерциализациялауға бағытталған сапалы білім алу, оқыту және оқыту үшін қажетті жағдайлар жасау.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім, білім беру ұйымдарындағы және (немесе) тиісті салалардағы уәкілетті органдардағы басшылық лауазымдардағы жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

**Конкурсқа қатысуға алмайтын тұлғалар:**

- 1) жасы 25-ке толмағандар;
- 2) сыбайлас жемқорлыққа қатысты істі болғандар;
- 3) аяқталмаған немесе алынбаған сот ісі барлар;
- 4) арнайы медициналық ұйымда тіркеуде тұрғандар;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген басқа да жағдайлар.

**Конкурсқа қатысуға үміткер келесі құжаттарды ұсынады:**

- 1) арнайы үлгідегі өтініш;
- 2) конкурсқа қатысушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) конкурсқа қатысушының 3x4 үлгісіндегі фотосуреті;
- 4) жоғары оқу орнының даму бағдарламасы;
- 5) білім туралы құжаттардың көшірмесі және салыстыру үшін түпнұсқаларын көрсете отырып, қосымшаларын ұсыну;
- 6) жұмыс орны (ағымдағы немесе соңғы) бойынша кадр қызметі куәландырылған еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 7) денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама (медициналық кәсіби консультациялық қорытынды) 086 / у үлгісіндегі анықтама;
- 8) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамаға сәйкес құжаттар ұсынылған күнге дейін бір жылдан аспайтын мерзімде берілген жүйке-психиатриялық ұйымның анықтамасы;
- 9) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамаға сәйкес құжаттарды тапсыру күніне дейін бір жылдан аспайтын уақытта берілген наркологиялық ұйымның анықтамасы;
- 10) қылмыстық заңнамаға сәйкес лауазымға орналасуға тыйымның жоқтығын растайтын құжат.

**Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау хабарландыру жарияланған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылады. Байқаудың күні мен орны қосымша хабарланады. Жоғарыда көрсетілген құжаттар уақытында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментіне ұсынуы керек (645-кабинет), телефон: 8 (7172) 74-16-70, 74-25-22.**

Мейрамова Агерке Мұратқызының атына 2020 жылы берілген №4734102.ес-рия ВГ ТЖК ИКТ 773100110 ЖОО-ға түсу үшін 18 қаңтардағы ҰБТ сертификаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

При переезде офиса **TOO General Capital Company** был утерян контрольно-кассовый аппарат, Марка/модель: Меркурий - 115 ФКЗ (версия Online KZ) Регистрационный №: 620200151473 Серийный/заводской номер: 000001351682. Год выпуска: 2015.